



ТЫҒЫРЫҚ

ЖАРНАМАСЫ ТАУДАЙ,

Фот. ktk.kz

«Бәлен жерде бақыр бар. Барсаң, бақыр түгіл тақыр жоқ» деген мақал болушы еді. Мұны неге айтып отырмыз? Осы аптада «Оңтүстік Кореяға барып жұмыс істейміз, көл-кесір ақша табамыз» деген бір топ адам алданып, тал түсте тақырға отырып қалды. Олар әлеуметтік желідегі жалған жарнамаға сеніп, елдің түпкір-түпкірінен жиналыпты. «Түбектегі елден жайлы жұмыс тауып береміз, жатын орны мен тамағы тегін болады» деген әлдебір компанияның жалаң жарнамасына қызыққандар 900 доллардан ақша жинап берген. Алайда жұмыс тауып беруді мойнына алған жауапты компания өкілдері ақшаны алмадық деп азарда-безер.

Бес-он емес, бакандай 45 адамның ақшасын алып, ізін суытпақ болған компанияның екі қызметкерінің айтуынша, ақша кассаға түскен бойда әлдебір алаяқтар көк қағазды жымқырып кетіп отырған. Тіпті қызметші қыздар бастықтарының жүзін 1 айдан бері көрмеппі. Өздерінің жұмысқа тұрғанына да көп уақыт болмаған көрінеді. Бірақ оларға жұрт сенбеді. Жылап-сықтаған компания өкілдеріне жан-жақтан сұрақ қойып, құзырлы орган өкілдері келіп, арыз-шағым жазылғанша ұстаған. Айдың-күннің аманында алданып қалғандардың бірі — Павлодар қаласынан келген Еркегүл Токтықызы. КТК телеарнасына берген сұхбатында «Біз жұмысшылар қабылдап жатырмыз» деген хабарландырумен келдік. Қазанның 8-күні келісіммен



Гүлнұр ЖҮНІСОВА, генетик:

«Қайда барсаң, қазанның құлағы төртеу». Кореяға қара жұмысқа барғандардың жағдайы өте нашар. Олар зауыт-фабрикаларда, 12 сағатқа дейін ең ауыр жұмысқа жегіледі».

900 доллар ақшамызды бердік», — дейді ол. Уәде бойынша бұлар 27 қазан күні Кореяға ұшатын болған. Алматылық Айбек Тұрымбетовтың айтуынша, ұшу уақыты 3 күнге кешіктіріліп, ең соңында 30 қазанға ауыстырылыпты. Бірақ олар келген кезде ақша жинаған компанияның есігінде полиция күзеті тұрыпты. Алыс жолға тас-түйін дайындалып келгендерге «Сіздердің ақшаларыңызды ұрлап кетті» деп түсіндіріпті. Бұл іске қазір полиция араласты. Алаяқтық бабымен қылмыстық іс қозғалып, жұрттың қаржысын қалтаға басқандардың біреуі камалды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада ұлттық экономика министрлігі ел экономикасының мұнай өндіру мен өзге де пайдалы қазбаларға тәуелділігі төмендегенін тілге тиек етті. Есесіне, қызмет көрсету саласында өсім байқалып, 5 пайызға артыпты. Дегенмен, Тимур Сүлейменов экономикадағы өсім мен тұрғындардың нақты табысы арасында алшақтық барын ашық айтты. Осыған байланысты министрді сөзге тарттық.



БАҒАНЫ НЕГІЗСІЗ ӨСІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Jas qazaq: Тимур Мұратұлы, көлік және логистика саласындағы көрсеткіш 9 пайызға жеткенін айттыңыз. Алайда экономиканың өсімі мен халық табысының арасында айырмашылық неден туындап отыр?

Тимур Сүлейменов: Жалпы алғанда, экономикада өсім бар, алайда жан басына шаққандағы кіріс тежеліп қалды. Экономика өсіміне халықтың нақты табысы лайықты болуы үшін біз бұл көрсеткіштерді сәйкестендіріп жатырмыз. Бұл тұрғыда бизнестің әлеуметтік жауапкершілік танытқаны өте маңызды. Осы процесс аясында олар өз тауарларының құнын негізсіз өсірмеуі қажет. Сондай-ақ көрсетілетін қызметтерге, тарифтерге бағаны негізсіз арттырмау керек. Бұл мәселе үкіметтің бақылауында тұр. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының өзгеруіне қатысты ведомстволардың, облыс әкімдерінің есебі күн сайын тыңдалады.

Мәжілістің жалпы отырысында осы мәселеге байланысты қазақстандық кәсіпкерлерге үндеу жолдадым, журналистер алдында да тағы айтамын. Өйткені, бізде жалақы көтерілсе, тауар бағасы да қымбаттап шыға келеді. Сондықтан, елдегі бизнесмендерге, ірі және шағын сауда желілері басшыларына еңбекақы өскеннен кейін, бірден өнім бағасын өсіру дұрыс еместігін құлаққағыс жасағым келеді.

Jas qazaq: Сіздер үндеу жолдап, барынша пайдалы ескертулер айтып жатырсыздар. Бірақ содан нәтиже болар ма екен? Егер баға көтерілген жағдайда қандай шара қолданысыздар?

Тимур Сүлейменов: Егер баға негізсіз өскен жағдайда өкілетті органдар қатаң шаралар қабылдайтынын ескертемін. Себебі Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында ең төменгі еңбекақыны көтеруге қатысты тапсырма берген болатын.

Jas qazaq: Ең төменгі жалақы демекші, қоғам арасында осыған қатысты түрлі пікірталас болып жатады. Жана жылдан бастап қай саланың еңбекақысы өседі? Ел арасында бір миллионға жуық жалақы алатын шенеуніктердің айлығы тағы да өсе ме деген әңгіме бар...

Тимур Сүлейменов: Еңбекақыны өсіру қатардағы мемлекеттік қызметкерге қатысты. Шын мәнінде, олардың бір бөлігі еңбекақыны ең төменгі деңгейде алды. Енді олардың жалақысына тиісті үстемеақы қосылады. Бұл жерде тек бюджеттік сала қызметкерлерін айтып отырмын. Мұғалімдер, кенсе қызметкерлері, іс жүргізушілер, ауруханадағы санитарлар да қосымша жалақымен қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, Жолдаудағы міндеттер осы санаттағы адамдарға бағытталған. Еңбекақының өсуі министрлер мен лауазымды шенеуніктерге қатысы жоқ екенін тағы да баса айтқым келеді.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

СҰХБАТ

Талас ОМАРБЕКОВ, тарихшы:

ОЛАРДЫҢ ЖЕҢІЛІСІ – СЕНІП ҚАЛҒАНДЫҒЫ

Жазықсыз атылып кеткен әдебиет қайраткерлеріне, өнер қайраткерлері ақталмай жатыр. Нақты айтқанда, 102-баппен «социалистік меншікке қол сұқты» деп атылғандар бар. Олар туралы үнсіз келеміз. Қамбаға ұрлыққа түскен ғой. 111-баппен атылғандар да жеткілікті. 59-баппен сотталғандарға қатысты да құжаттар жабулы күйінде жатыр. Молда-ишандар туралы да сондай жағдай. Саяси баға беріліп, ақталмаған соң, нақты датаны атап өту де қиын.

(Толығырақ 4-бетте)



ТҮЙТКІЛ

ҚАПАЛДАҒЫ ҚАРАШАҢҒЫРАҚ



(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

74,31



DOLLAR

370,44



EURO


421,49



РУБЛЬ

5,62

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Алған банкім
дос боп шықты,
Көршім жақсы
«дос» боп шықты

(Жалғасы
2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҮКІМЕТ

Алдағы екі жылда оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған 3 мың адам баспанамен қамтылады. Бұл Үкімет отырысында талқыланған халыққа жақын тақырыптың бірі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, бұл жоспарды орындау үшін бюджеттен 2019–2021 жылдары 15 млрд теңге бөлінуі тиіс. Сонда ғана терістікке қоныс аударғандар баспанаға қарық болады.

Министрліктің дерегі бойынша, биыл Павлодар облысына – **361**, Солтүстік Қазақстан облысына – **400**, Қостанай облысына – **224**, Шығыс Қазақстанға – **413** және Ақмола облысына **90** отбасы қоныс аударған.

Жалпы оңтүстік өңірден **1488** отбасы немесе **4 925**

облыстарына тиесілі. Аймақтағы түлектердің 85 пайызы жұмыс тапқан. Сонымен бірге Алматы облысында қосымша білім алғандардың – 74 пайызы, Солтүстік Қазақстан облысында 71 пайызы жұмыс істеп жүр. Ал Маңғыстау облысы (25

басқаша шешілуі керек. Оны тағы талқыға салуға тиіспіз. Келесі жылы мұндай арбитраж болуы дұрыс емес», — деді.

Үкімет отырысынан кейін баспасөз орталығында тілшілердің сұрағына жауап берген еңбек және халықты



СОЛТҮСТІККЕ БАРҒАНДАРҒА – СҮЙІНШІ!

адам көшкен. Оның ішінде еңбекке қабілетті жастағы 2,5 мың адамның 1,5 мыңға жуығы жұмысқа орналастырылған. 87 адам кәсіпкерлікпен айналысуда. Ол «Жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныстану кезінде тұрғын үймен қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. Ол үшін Елбасының тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағдарламада жұмыс берушілердің қатысуымен қоныс аударушыларға тұрғын үй салу және сатып алу тетігі көзделген. Бұл тәсіл алдымен Солтүстік Қазақстан облысында сынақтан өткізіліп, кейін басқа өңірлерде қолданылады», — деді.

Жиында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыспен қамту бойынша көш басындағы және ең соңғы орындағы өңірлерді атады. Бүгінгі таңда еліміз бойынша қысқа мерзімді кәсіптік білім беру орнын бітірген 31 мың адамның 18 мыңы жұмысқа орналасыпты. Бұл ретте ең жоғары көрсеткіш Ақмола мен Қостанай

пайыз), Жамбыл облысы (39 пайыз), Алматы қаласы (27 пайыз) мен Астана қаласының көрсеткіштері төмен (41 пайыз).

Жиын сонында үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев халықты жұмыспен қамту шараларының нәтижесін сараптауды тапсырды. Оның ішінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған аламдардың табысын арттыру үшін қабылданған шаралардың әсеріне мониторинг жүргізуді жолға қою керектігін ескертті. «Сол себепті Мәдина Ерасылқызы, «Атамекен» палатасымен және өңірлермен бірге «Бастау-бизнес» жобасы бойынша оқуын аяқтаған адамдарға шығын несие беру бойынша мәселені толық шешуіміз қажет. Өңірлердің өзіндік жобасы бар. Бұл біздің жоба мен екі арада біраз арбитраж болып тұр. Егер өңірлік бағдарлама кейбір жағдайлар бойынша, мысалы несиені пайызбен беру жеңілдетіліп, сұраныстың бәрі осы бағдарламаға келетін болса, онда сол өңірлерге қаржының бөлінуі

әлеуметтік қорғау министрлігі халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаментінің директоры Жәнісбек Дулатов аталған тетік қалай іске асырылатынын айтты. Ол «Бағдарлама бойынша биыл солтүстікке мың жарым отбасы көшкен. Біз осы бағдарламада жана әдістерді қарастырып жатырмыз. Біріншіден, теріскейге қоныс аударған адамдардың үй мәселесін шешуді көздедік. Баспана мәселесі шешілмесе, әлбетте, қоныс аударушылардың қызығушылығын тудыру қиынға түсері анық. Сол үшін келесі жылы әр отбасыға арнап жеке үй салынады. Сол үйде қоныс аударушылар бес жыл тұрса, ары қарай баспанасын өз атына аударып ала алады. Кейін ай сайын біздің есеп бойынша 20–25 мың теңге төлеп тұрса, қарызын өтеп болғаннан кейін үй толығымен азаматтардың атына аударылады», — деді.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Әлеумет.t⁰



Айта-айта әбден жауыр болған бір мақал бар: «Қызым үйде, қылығы түзде» деген. Осы тұрақты тіркесті тағы да қайталауға мәжбүрміз. Неге? Соңғы бір айдың ішінде Тараз, Кереку, Өскемен қалаларында қағынан жеріген жас қыздар шетінен «жат қылық» көрсетіп алды. Ал күні кеше Тараз қаласында аулада өртенген қоқыстан нәрестенің мәйіті табылды. Шақалақты коқысқа тастаған қыз әдейі от қойған ба, әлде өліп қалған нәрестені коқыс арасына қалдырып кеткен бе? Ол жағы белгісіз. Бірақ мәселе отта да, коқыста да емес, түйткіл осындай көкек аналардың безбүйректігінде болып тұр.

Естеріңізде болса, осыдан екі апта бұрын Керекудің Аксу

туған баладан тараған кейбір рулардың әлі күнге дейін лақап атпен аталатынын естіп жүрміз. Ол замандарда мұндай жағдай өмір бойы сүйекке түскен таңба еді. Ал қазір ше? Қазір ештеңеге танқалмайтын күйге жеттік. Мұнымен ешкімді ақтап отырған жоқпыз. Қыз баланын жат қылыққа үйір болуын психологтар мен әлеуметтанушылар тәрбиенің таяздығынан көреді.

Тәрбиенің таяздап кеткені рас. Бұрын бұрымы бұлғактай бастаған қызға ауылдағы ақ самайлы әжелер мен ақ шылауышты аналар үлгі болып, жол көрсететін. Тіпті бүкіл ауыл өздері құрмет тұтқан Әз ананы, абыз әжені идеал көріп, тұлымды қыздарын сондай ана болуға

ҚЫЗДЫҢ ҚЫЛЫҒЫ...

қаласында колледж студенті босанып, қызылшақасын коқыс арасына тастап кеткен еді. Иісіл ит таппағанда, әлгі 18 жастағы көкек ана сол күйі белгісіз кетер ме еді, кім білсін? Ойнап жүріп от басқан ару музыка колледжінің екінші курсына оқиды. Ол жүктілігіне байланысты еш жерде тіркеуге де тұрмаған. Бір ай бұрын ғана Алтай өңірінде де дәл осындай жағдай болды. Ағасының үйінде жатып оқитын колледж студентінің аяғы ауырлап, ол да шарананы күл-коқысқа тастап кетіпті. Бірі кәмететке толмаған, енді бірі 18-ге жаңа толған уыздай жас.

...Санай берсен, мұндай көкек аналардың санына саусағын жетпейді. Жамандықты санағаннан азаймайтыны тағы рас. Бірақ өкініш өзегінді өртейді. Жыл сайын елімізде кәмететке толмаған 5 мың қыз ойнап жүріп от басады. Мұны айту түгілі, ойға алудың өзі саналы адамға ауыр тиеді.

Бұрын оң жақта отырған қыздың аяғы ауырлап қалу оқиғалары сирек құбылыс саналатын. Тіпті ондай жағдай өліммен пара-пар еді. Әдеби шығармаларда немесе кейбір ел ішіндегі ескі әңгімелерде некесіз

тәрбиелейтін. Ал қазір идеал жоқ! Жастардың бой түзейтін идеалдары — әншілер мен әртістер. Олардың көбі екі күннің бірінде көгілдір экранда жартылай жалаңаш билеп жатады. Бірінің сыртынан бірі өсек айтып, қырғылысып жүргенін де білеміз. Тіпті «Жұлдыз» атап жүрген өнердегі қыз-келіншектердің басым көпшілігі — отбасылық бақыттан кенде. «Өнер жолы — ауыр жол» деп өздерін үнемі ақтауға тырысатын арулардың көбі — жалғызбасты аналар. Бұлар әрбір үйде өсіп келе жатқан қыздарды тәрбиелейтін ұстаз, идеал!

Ғаламтордың пайда болуы мен қолжетімділігі де бүгінгі жастардың тәрбиесін талқандап жатыр. 18 жастағы ұлыңыз түгілі, бес жастағы қызыңыз интернеттің иір-иір қуысынан қайдағы-жайдағыны тауып алып, соны тамсанып қарап отырғанын көрсеніз, танқалмаңыз!.. Сонда қайда барамыз? Жеңіл өмірдің жеңілтек жастарына тоқтау салатын, ұяттың оятатын емді қайдан табамыз?

Жарас КЕМЕЛЖАН



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

17

Петропавл әкімдігінің қызметкерлері осынша пәтерді заңсыз иемденген

15 000

Астанада осынша үлескер өз пәтерлерін ала алмай жүр

330 000

теңге. Мемлекеттік қызметкердің телефонына бірлік салған адам айыппұл төледі

337 000

теңге. Еліміздегі ең жоғары зейнетақы

Аптаның айтары



Омархан ӨКСІКБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

Соңғы 5 жылда «Қазақ су шаруашылығы», «ҚазақАвтоЖол», «Даму» және «Астана ЛРТ» сияқты компаниялар 4,3 миллиард доллар мөлшерінде сырттан қарыз алған. Үкімет сыртқы қарызды бақылау бойынша қатаң шараларды қолға алуға тиісті. Әйтпесе, бұл үшін өскелең ұрпақтың қарғысына қалу қаупі бар.

Елена КИСЕЛЕВА,
қала тұрғыны:

Неге бізбен ешкім санаспайды? Қалалық сәулет бөлімі келіп құжаттарын көрсету керек қой. Барлық жерге арыз жаздық. Ешкім мандытып жауап бермейді. Оның орнына, балаларға ойын алаңын салғаны дұрыс еді.



(Көпқабатты үйдің ауласына мейрамхананың салынуына қатысты пікірі)

Ардақ ИСАТАЕВ,
Семей қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының орынбасары:

Енді ол 2008 жылы бекітіліп қойған. Сол жылы сатып алынғанда құжатта мейрамхана деп берілген болатын. 2008 жылы ол жерде жай өскен ағаштан басқа түк болған жоқ.

ЖЕМ – Қорлық

Шымкентте тегін нәрсенің өзіне төлміртіп, ақша сұраудан арланбайтындардың тағы бір тобы ұсталды. Олар психоневрологиялық, наркологиялық және туберкулезге қарсы емдеу орындарында жұртқа тегін берілетін медициналық анықтаманы сатып келіпті.

Сегіз күнде 5,4 миллион теңгені жеп қойған жемқорлар әр анықтаманы психоневрологиялық

АНЫҚТАМА САУДАСЫ



және наркологиялық орталықта — 350, туберкулезге қарсы диспансерде 220 теңгеден саудалап келген.

Қызықстан қызықтары

Ақтөбелік бір азамат қысқа дайындықты тиімді пайдаланғысы келсе керек, жұрт ұйқыда жатқанда көршісінің қоймасынан 30 шақты бос банканы ұрлап кетіпті.



Оқиға Мәртөк ауданына қарасты Шанды ауылында болған. Ер адам түн ортасында көршісінің ауласындағы гараж есігіне шегеленген тактайды жұлып алады. Осылайша ішіне кіріп, сыйымдылығы әртүрлі 30 банканы жымқырған. Соның салдарынан жәбірленуші 5500 теңгеге жуық материалдық шығын шеккен.

Сот отырысы кезінде айыпталушы мен жәбірленуші медиация тәртібімен татуласты. Ер адам материалдық және моральдық шығынды толықтай өтепті.



4,6 миллион отандасымыз ипотекамен баспана ала алады



Дәулетхан Қыдырбайұлы: Азат Тұрлыбекұлы, бірер күн бұрын еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі солтүстік аймақтарды аралап, 40-қа жуық ауылдың жойылатынын, ондағы тұрғындар басқа аймақтарға көшірілетінін айтты. Бұл экономикалық тұрғыдан тиімсіз болғандықтан шығар. Бірақ осының салдарынан солтүстік шекара шебінде қоныстанған халық одан сайын сиреп кетпей ме? Оңтүстіктен солтүстікке халықты шоғырландыратын «Серпін» жастарды жұмысқа тартатын басқа да бағдарламалар бар. Осының бәрі бір-біріне қарама-қайшы емес пе?

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – болашағы бұлыңғыр ауылдар, төл теңгеміздің тегеуріні, комсомолдың тойы. Журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы Мәжіліс депутаты Азат Перуашевпен осы мәселелер жөнінде әңгімелесті.

біздің ауруымызға айналды. Осы мәселелерді шешіп алмай дами алмаймыз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Өзіңіз білесіз, қыркүйек айында ұлттық теңгеміз күрт құлдырады. Бір-екі күннің айналасында шетел валютасы тапшылыққа айналды. Квизимемлекеттік компаниялардың сыртқы қарызы 23 мың миллиард долларға жеткен көрінеді. Бұл халқымызға, экономикамызға қосымша салық емес пе?

толтырсақ қана валюта тұрақтанады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Өткен аптада сіздің әріптестеріңіз әлдеқашан жойылып кеткен комсомол ұйымының мерейтойын тойлады. Осы дұрыс па? **Азат Перуашев:** Мерекеге баруды немесе бармауды әркім өзі шешуі керек. Кейбіреулеріне «комсомол кезі» жастық шақтарынан естелік. Мүмкін олардың өмірінде ерекше сәттері болған



СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫ ҚАЛТАСЫНАН ТӨЛЕУГЕ МӘЖБҮР

Азат Перуашев: Елбасы Жолдауында болашағы жоқ ауылдарды туралы, егер ол жақта жұмыс орны, инфрақұрылымы жоқ болса, жергілікті жұртты қиналтпай, болашағы мен инфрақұрылымы бар аймаққа қоныстандырып, ауылдарды бюджет қаражатымен қамтамасыз етуіміз керек деп айтқан болатын.

Ресми деректер бойынша, жыл сайын ауылдан қалаға шамамен 300 мың адам көшеді. Ал «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жыл сайын 100 мың ғана пәтер салынады. Қалған 200 мыңнан аса адам қайда барады? Олар қалай отбасы болады? Болашағы туралы не ойлайды? Осы мәселелер мені қатты толғандырады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мәселенің барлығы ауылдағы жағдайдың мәз еместігін көрсетеді. Солтүстік пен оңтүстік, мейлі шығыс пен батыс болсын, қай жакқа барсаңыз да тоқыраған ауыл көп. Көп демесек те баршылық. Осы ауылдар неге дамымай қалды? Бізде 2015-2020 жылдарға арналған өңірлік даму, «Дипломмен — ауылға!» деген бағдарлама бар. Сонымен қатар өңірлердегі, ауылдардағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қатысты да бағдарлама бар. Бір емес, бірнеше бағдарлама бойынша қарасаныз, мәселен, «Ақбұлақ» сынды бағдарламалардың шеңберінде бір қарағанда ақша құйылып жатқан секілді көрінеді. Қайда сол қаржы? Неге ауылдар әлі күнге дейін депрессивті жағдайда отыр?

Азат Перуашев: Қазіргі кезде шенеуніктер жаппай кәсіпкерлік туралы сөз қозғауда. Шағын несиелендіру мәселесін де көтеруде. Осылайша шағын несиелендіру арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтитын адамдарды көбейтеміз, еңсесін көтеріміз деген үміт бар. Меніңше, бұл — қате ұғым. Бір жағынан жемқорлық болып табылады. Жемқорлық болғанда — ең сұмдығы. Бұл

Азат Перуашев: Иә, ол рас. Ұлттық компанияларымызды осы валюталық нарықта ең ірі ойыншы деп айтуға болады. Бірақ себеп оларда ғана емес. Барлық заманауи экономика қарызсыз, несиесіз дами алмайды. Сондықтан жекеменшік, квазимемлекеттік болсын, олардың бәрі несие алуға мәжбүр. Несие — бөлек мәселе. Қайта-қайта сол ұлттық компаниялар туралы мәселе көтеріміз. Бюджеттен ақша бөлеміз. Ұлттық компанияларға үкіметтен бөлінген ақша бар. Сол қаражатты ала отырып, шетелден қосымша қарыз алады. Сарапшылар мен экономистер бұл ақшаны ұлттық банкпен байланыстырады. Алайда еліміздің кез келген азаматы, жасынан

шығар. Мен де комсомол болғанмын. Тіпті әскери қызмет үшін комсомолдың орталық комитетінің жоғарғы грамотасымен марапатталдым. Осыны мақтанышпен айта аламын. Ол кездегі грамота қазіргі мемлекеттік сыйлықтармен бірдей.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Өткенде Алашорданың жүз жылдық мерейтойында әріптестеріңіздің мінберден шығып сөйлегенін көрген жоқпыз...

Азат Перуашев: Алашорданың 100 жылдығын «Ақ жол» партиясы атап өтті. Ас та берілді, байқау да ұйымдастырылды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіздердің бильярд ұйымдастырғандарыңыз есімізде...

Азат Перуашев: Мәселе онда емес, бильярд — ойын. Күні кеше бюджетке Әлихан

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

АЗАТ ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Владимир Карпович (Мәжіліс төрағасының орынбасары Божко — авт.), бізде Мәжілістің ресми отырысы өтіп жатыр. Сіз өз сөзіңізде және басқа әріптестеріміз бір-бірін комсомол күнімен құттықтай бастады. Мұндай мереке жоқ. Әріптестер, біз қандай мемлекетте тұратынымызды еске салғым келеді. Біз тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз. Егер біреулер үшін бұл жеке мереке болса, бір-бірлеріңізді Мәжіліс отырысында емес, жеке құттықтаңыздар. Тәуелсіз мемлекеттің заң шығарушы органының ресми отырысында қазіргі күнге еш қатысы жоқ қандай да бір датамен құттықтау дұрыс емес. Жеке құттықтауларға еш қарсылығым жоқ. Тәуелсіз Қазақстанның өз мемлекеттік мерекелері бар».

кәрісіне дейін осы қарызды өз қалтасынан жабуға мәжбүр. Қазіргі кезде экономикамыз, тіпті басқа салалар да Ресей рублімен байланысты өзгеріп жатыр. Өйткені еліміз Қытай және Ресеймен ең ірі тауар айналымын жасайды. Егер ұлттық валютамызды күшейтейік десек, оны зорлықпен, тіпті заңды жолмен шеше алмаймыз. Тек қана өзіміздің нарығымызды отандық өнімдермен

Бөкейханның 15 томдық кітабын енгіздік. Осы жұмыстарды көрсетуіміз, насихаттауымыз керек. Жастардың құнды еңбектермен танысқандары дұрыс.

Иә, комсомолдың 100 жылдығына шақыру келді. Мен оған барған адамдарды сынамаймын, олардың өз жолы бар. Өзім бұл мереке күмәнді болғаннан кейін, салтанатты шараға бармай қалдым.

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жанайқай

«Екі елді қосатын қыз әулие» деп жатпай ма атам қазақ. Ғұмыр бойы қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өскен Бабарақымның қияндағы Көкшетаумен құйрық бауыр жесіп, мыңжылдық құда боламын деген ойы жоқ еді. Тән құдалар Көкшетаудан екі жүз шақырым жердегі Атбасар дейтін елді жайлайды екен. ҚазГҮ-дің журналистика факультетін бітірген, басынан бақайына дейін қазақылықтың иісі аңқып тұрған Бабарақым көкем Атбасар дейтін атауды естігенде жүрегі жылып кеткен.

Артынып-тартынып жолға қамданды. Есебі болашақ келіннің әке-шешесінің алдынан өтпек. Айдай ажарлы, күндей көркем қыздың кіп-кішкентай, әдемі құлағына сырға тақпақ. Танымаған жердің ой-шұқыры көп. Қапысыз қамданған ләзім. Құдалар мінген поезд екі иығынан дем алып, еңтігіп, «Көкшетау қайдасын»?.. деп тартып келеді. Көз көріп, құлақ естімеген беймәлім елмен құда болғалы жатқан Бөкеннің жүрегі кобалжулы, дүрс-дүрс етеді. Асығып-аптыққан поезддың да жүрісі — дүрс-дүрс. Мұндайда жол қысқартқан ләзім. Жаяу әңгіменін жетегінде отырған құдалар тобы төрт-бес бөтелкені босатып тастаған. Сәл пысынап кеткен Бабарақым перронда демалып тұр еді, өзі сияқты сыртқа көз тастап, еріккен егде кісі кездесті.

— Жол болсын! — деді Бабарақым.
— Бірге болсын! — деді жол серік.

— Ресейі несі, Ақмола облысы емес пе?
— Енді неғып қаптап кеткен орысша атау?! — деді бұл.
— Ойбай-ау, мен бір бағытты ғана айтып отырмын, ал әрідегі Жарқайын, Жаксы, Есіл аудандары туралы айтсам, есін мүлде шығып кетер.
— Тәуелсіздік алғалы талай жыл өтті, ауыстырмайсындар ма? Ел рухани жаңғырып жатыр, жоғалғаны табылып, өшкені жанып, — деді Бабарақым жаны ышқынып.
— Жетпіс жылғы сіреу ғой, бір күнде еріп кетер дейсін? Бұған әлі талдай жылдар керек, — деді жана танысы. — Мен шырағым, сол жанартудың басын бастап едім. Кеңес заманында осы Көкшетау облысына қараған Володар аудандық

ЖАНЫ СІРІ АТАУЛАР

партия комитетінің бірінші хатшысы болып он жыл істеген адаммын. Аты-жөнім — Болат Көшімбаев. Жылымық жылдары Комаровкадан бастады. Сондай бір село болып еді. Село тұрғындарының келісімін алайық деп барып едік, өре түрегелді. Тіпті бар ғой атауын өзгертсек, «бағып отырған сиырымыздың сүті көбейе ме?» деп қырсық сұрақ қойғандар да болды. Өзге жұрт емес, өзіміздің ағайындар. Өлгіге қарағым, осы сенің әйелің орыс емес пе? — деп сұрақ қойдым. Отырған жұрт күліп жіберді. Сөйтсем, шынымен қазақы атаудан жеріп тұрған әлгі жігітін жары орыстың келіншегі екен. Апырым-ай, өз елінің тілінен, тарихи атауынан соншалықты неге жериді екен.



— Көкшетауға бара жатырмын. Құдалыққа, — деді Бабарақым.
— Апырым-ай, мынауың бір он шаруа екен, қуаныш құтты болсын! — деді жана танысы, қай өңірге ат басын тіремексін?
— Атбасар, — деді Бабарақым, — айтпақшы, Көкшетауға жеткен соң әрі қарай қалай жетуге болады? Білсеніз, айтып жібермейсіз бе?

Жана танысы қамшы салдырмады. Жер жайын жақсы білетін, ел көрген, жер көрген азамат екен, бәрін қолмен қойғандай тәптіштеп берді. Көкшетаудың теміржол вокзалы мен автовокзалының басы толған такси. Иен тіресіп тұр. Тарта бересін. Әуелі қаладан шыққан соң Заречный дейтін елді мекен кездеседі. Темір тұлпарын аман болса, бір он шақырымнан кейін Приречныйға жетіп қаласын. Иек астында қалқып Павловка тұр. Бұрынғыдай сәулеті мен дәулеті сай село емес, басынан бақ қайтқан. Әйтсе де, бұрынғы атауының жаны сірі, одан өтіп барып оң қанаттан Подзаводск кездеседі. Красилковканы қақ жарып өтесін, одан өтсең ар жағында Викторовка да алыс емес. Бір сүт пісірім уақытта Балкашиновы жиектей үлкен көпірден өтсең, оң жағында Петровка қалады. Бұны бір деп қойыңыз. Каменканы көктей өткен кезде жолдың жартысын өттім дей берініз. Негізінде автокөлік жолы тақа жаман емес, сайрап жатыр. Тек Дорогинка мен Красная поляна елді мекендерінің тұсында аздаған кібірттік кездеседі. Содан соң Спасскоедан өткен соң қамшы салдырмай зулай бересін. Ат тізгінін Полтавканың тұсында бір іріксең, Титовканың қасында тізгініңді босатуға болады. Аттанар жақ қанатта Покровка қалады. Дәл Атбасардың иек астында Борисовкаға кезігесің.

— Ұқтың ба?! — деді жана танысы жаңылтпаш айтқандай шұбыртып.
— Ол жер Ресей ме? — деді Бабарақым көзін бажырайтып.

Кейін аудан орталығы — Володаровканың атын өзгертіп, тарихи Саумалкөл атын беру керемет қиын болды. Білдей бір ауданның атын иеленіп тұрған Володаровтың кім болғанын бүкіл архивті ақтарып таба алсақшы. Индете іздеп, ақ патшаның әскерінің атаманы болғанын таптық. Сөйтіп, әйтеуір ақ түйенің қарны жарылып, жергілікті жұртқа тізесін батырған қанды қылыш Володаровтың атын өзгерттік-ау. Жаңағы мен айтқан селолардың тарихын түгендеп жатқан кім бар. Әйтпесе бұрын қазақ даласы атаусыз болып па еді. Әр төбенің, әр белдің, өзен-тоғайдың тарихи атауы бар. Тек соны іздеу керек.

Бабарақым құдалықтан бұрын осы жайды ойлап облыстық тілдерді дамыту баскармасына соққан. Өйткені ономастикалық комиссия сонда. Баскармадағыларға «Облыс аумағында Андреевка, Еленовка, Мариновка, Калиновка, Ивановка сияқты атау қанша бар екен. Елді мекендер мен көшелерді өзгерту қалай жүзеге асады?» деген сауалын қойған.

Олардың айтуынша, Андреевка, Еленовка, Мариновка, Калиновка, Ивановка, Орловка, Семеновка сияқты атаулар кезінде жергілікті халықтың пікірімен, көзқарасымен еш келіспестен қойылған. Ал қазір ол жердің ежелгі атауын қалпына келтіру үшін жергілікті тұрғындардың арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және олардың пікірін ескеруге, сондай-ақ мұрағаттар мен басқа да тарихи деректерді көтеріп, бұрынғы тарихи атауын анықтау секілді көптеген жұмыстарды атқаруға тура келеді деп отыр.

Бірақ сол жұмыс қашан қолға алынады. Әзірге беймәлім. Жол үстінде жүрген жолаушы тұрмақ, ел ішіндегі ұлт қамын жеп жүрген «көсемдердің» де құлағына кірмеген жай.

Бәйкен КӨБЕЕВ



Сұхбат

Қазақ жерінде келмеске кеткен, тарихы тамсана айтуға тұрмайтын комсомолдың бір ғасырлық тойы дүркіреп аталып өтті. Алайда тәуелсіз еліміздің тарихына түк қатысы жоқ, керісінше ұлтымыздың ұрпағына зиян келтіріп, зиялыларымызды зыңданға салып, оққа байлаған ұрда жық ұйымның бұл мерекесіне түбегейлі қарсылар да табылды. Осылайша ел ішінде пікір екіге жарылды. Аға буын «комсомол – біздің жастық шағымыз, онда тұрған не бар?» деп тойдың көркін қыздырғысы келсе, жастар жағы «бұл – келмеске кеткен кеңес дәуірін аңсағаннан басқа ештеңе емес» деп салды.

Шын мәнінде, бұл шара шаңырағымызды шайқалтпаса да, қасиетті Қазақстанның жас ұрпағының рухын түсіретін, намысына тиетін жағдай екені даусыз. Халқымызды қанға бөктіруге, көсемдерімізді түрмеде шірітіп, ақыры ату жазасына көзекке қойған кеңес үкіметінің сойқан саясатын жалғастырушы комсомол туралы не айтуға болады? Қалай десек те осы тақырып аясында белгілі тарихшы-ғалым Талас Омарбековтің пікіріне жүгінгенді жөн көрдік.



Jas qazaq: Талас аға, комсомолдың 100 жылдығын тойлау науқанға айналып кеткендей әсерде қалдырды. Бұл ұлтымыздың басынан кешірген қасіретті ұмыттыру ма, әлде тәуелсіз тарихымызды ескермеу ме?

Т.Омарбеков: Бұл Қазақстанда ғана басталған шара емес. Алдымен Мәскеуден басталды. Думада отырған депутаттар арасында коммунистер көп. Тіпті Ресейдегі коммунистік партияның қызметі де қып-қызыл оппозициялық бағыт ұстанған. Жетекшісі анау-мынау емес, Геннадий Зюганов деген өте білімді, қайраткер тұлға.

Jas qazaq: Дегенмен Ресей біздегі сияқты дүркіретіп атап өткен жоқ қой?

Т.Омарбеков: Олай дүркіретпейтін себебі Ресейде коммунистік қозғалыс өте күшті. Мұндай мереке-мейрам күнде болып тұрады. Тіпті қандарына сіңіп кеткен деуге де болады. Оған мән беріп жатқан ешкім жоқ.

Көрші елдегі коммунистік партияның сөзі өтімді. Аузын айға білеген, өншең сайдың тасындай азаматтар. Ал біздегі коммунистердің сайда саны, құмда ізі жоқ. Зюганов сияқты білімі де, жазған еңбегі де жоқ.

Jas qazaq: Ашаршылық, репрессия жылдарын зерттеп жүрген танымал тарихшысыз. Сіздің ойыңызша, қасіретті нәубетке саяси, тарихи баға бердік пе?

Т.Омарбеков: 1930-33 жылғы аштыққа ресми саяси баға берілді. Бұл бойынша 1992 жылы 22 желтоқсанда Сенатта комиссияның қаулысы шыққан. Барлығы сол кездегі

«Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» секілді газеттерде «Қолдан жасалған қасірет» деген атпен көлдей мақала жарияланды. Комиссияны депутат әрі тарихшы Манаш Қозыбаев басқарды. Комиссия құрамында Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Алтыншаш Жағанова, Мәмбет Қойгелді болды. Өзім сол комиссияда жұмыс істедім. Комиссия құрамында жалпы жиырмалан астам адам болдык. Барлық министрлер, ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, ішкі істер министрі, тарихшылардың басын қосқан өте беделді комиссия еді. Нәтижесінде құпия құжаттарға да қол жеткіздік. Сөйтіп Сенат комиссиясының қорытындысында еліміз бастан кешірген оқиғаға саяси баға берілді. Бірақ соны қалам ұстаған жазушыларымыз түсінбей, білмей, оқымай тұрып, мені сыртымнан жамандап жүр.

Jas qazaq: Ал 1936-38 жылғы қуғын-сүргінге баға берілді ме?

Т.Омарбеков: Жоқ. Себебі ол кездегі қуғын-сүргінге қатысты құжаттардың бәрі Мәскеуде жатыр. Өйткені зұлмат сол орталықтан басталған. Біз баға беруіміз үшін бірнеше сот процестерін

Талас ОМАРБЕКОВ, тарихшы:

ОЛАРДЫҢ ЖЕҢІЛІСІ – СЕҢІП ҚАЛҒАНДЫҒЫ

қарауымыз керек. Қазақстанның өзінде үш түрлі сот процесі өткен. Оның бәрімен танысып, қарап, зерттеу қажет. Ал Ресейде 1936-38 жылғы саяси қуғын-сүргінге әлдеқашан баға берілді. Бұл дүрбелеңді айыптады.

Jas qazaq: Сонда біздегі қуғын-сүргін құрбандарына баға беруге не кедергі?

Т.Омарбеков: Кедергі жоқ. Ертең-ақ бұл шаруамен айналысуға болады. Меніңше, мұндай үлкен жұмысқа мемлекеттік деңгейде комиссия құрылып, мемлекеттік деңгейде саяси баға берілуі тиіс. Оған ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер министрлігінің өкілдері, Парламентте осы шаруамен айналысатын комитеттер бар, солар кіруі керек. Бұл құрамға беделді депутаттар енуі керек. Университетте бір тарихшы құрған комиссияның үлкен жұмыспен айналысуына шамасы да, күзіреті де жетпейді.

Jas qazaq: Былтыр Алашорда үкіметінің 100 жылдығы жетім қыздың тойындай аталып өтті. Бұл қалай? Біз есіл ерлеріміздің еңбегіне әлі күнге неге баға бере алмай жүрміз?

Т.Омарбеков: Алаш қайраткерлерінің айыпталуына, олардың қызметіне, сот процесіне, оның ішінде Қазақстанда болған үш сот процесіне әлі баға берілген жоқ. Жекелеген адамдарға да баға берілмеген. Мәселен, жазықсыз атылып кеткен әдебиет қайраткерлеріне, өнер қайраткерлері ақталмай жатыр. Нақты айтқанда, 102-баппен «социалистік меншікке қол сұқты» деп атылғандар бар. Олар туралы



үңсіз келеміз. Қамбаға ұрлыққа түскен ғой. 111-баппен атылғандар да жеткілікті. 59-баппен сотталғандарға қатысты да құжаттар жабулы күйінде жатыр. Молда-ишандар туралы да сондай

жағдай. Саяси баға беріліп, ақталмаған соң, нақты датаны атап өту де қиын.

Jas qazaq: Молда-ишандарды ақтау туралы арнайы хат, материалды біздің газетте бірнеше рет көтергенбіз...

Т.Омарбеков: Молда-ишандардың ұстанымдары Алаш арыстарымен бірдей.



Jas qazaq: Мұстафа Шокайдың шетелге кетуі сол тұс емес пе?

Т.Омарбеков: Солай деуге болады. Ол туралы Шокай өзі шығарған газеттерінде жазды. Онда «Біз орыстың саяси зиялы қауымына сеніп қалдық» деген жолдар бар. Ал Әлихан Бөкейханов – Мұстафа Шокайдың

ұстазы болған ірі тұлға. Мұстафа Шокай – Бөкейхановтың Түркістандағы өкілі.

Jas qazaq: 1916 жылғы көтерілістерге «ұлт-азаттық» деген бағаны қимай, рулық көтеріліс деген баға беріп жүрсіз. Көтеріліс кезінде қаншама азамат оққа ұшты. Мұнының сол бір ерлік жылдарды төмендету емес пе?

Т.Омарбеков: Қазақ жерінде 1929-37 жылдар арасында 379 көтеріліс болған. Бұл нені білдіреді? Бұл қазақтың ауыл-ауылдарында көтеріліс болғанын көрсетеді. Біз айтып жүрген Қарқара көтерілісі ұлт-азаттық көтеріліс емес, ол албандар көтерілісі. Бұл – шындық. Ел ішінде күні бүгінге дейін осылай аталып келеді. Ешқандайда ұлт-азаттық емес, рулық қозғалыс. Жалпы, Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістерді, менің ойымша, Шығыс Қазақстандағы наймандар, Созақтағы табындар, аргындар көтерілісі, торғайдағы Әбдіғаппар Жанбосынов пен Амангелді бастаған қыпшақтар көтерілісі, Айжарқын Қанайұлы бастаған кіші жүз руларының көтерілісі деп атау керек. Ал бұларды тұтастай ұлт-азаттық қозғалыс деп баға беруге болады.

Осы арада бір мәселеге назар аударайық. Мысалы, 1916 жылғы Торғайдағы көтеріліске қатысушылар Қарқарадағы албандардың көтерілісін білген жоқ. Өзара байланысы болмаған. Міне, осындай бытыранқы көтеріліс болды. Бұл көтерілістердің қозғаушы күші рулар еді. Мұны айтуға әлі күнге дейін батпай отырмыз. Ру-руға бөлінгендіктен, орталықтан басқаратын адам болмады. Бірлік болмады. Ұлт-азаттық көтеріліс болса, оны неге Алаш азаматтары басқармады? Алаш қайраткерлері бұл көтерілістің ұлт-азаттық сарынға ұласа алмайтынын білді. Қазақтың жеңіске жете алмайтынын түсінді. Бұл жай ғана жергілікті жердегі көтеріліс болып қана қалады. Ал нағыз ұлт-азаттық көтеріліс – Сырым Датов пен Кенесары көтерілістері. Содан кейін Бөкейхановтың бүкіл өмір жолы, Алаш партиясы нағыз ұлт-азаттық күрестен тұрады. Бірақ олар реформаторлық жолды тандады.

Қалай десек те, күндердің-күнінде ақиқатты айтатын күн туады. Бұл болашақтың еншісіндегі жағдай.

Jas qazaq: Алаш қайраткерлері 1916 жылғы көтерілістің басты себебіне, яғни әскерге қазақ баласын жіберуге қарсы шықпапты. Неге?

Т.Омарбеков: Әлихан Бөкейханов қазақтың баласы әскери ұрыс тәсілін үйренсін, қару-жарақты меңгерсін деді. «Әскерге барындар! Көтерілмендер. Босқа қырылып қаласындар!» деп, «Қазақ» газетінде үндеу тастады. Міржақыптар елді аралап, «көтерілмендер» деп үгіттеді. Неге? Өйткені Әлихан қазақ баласы соғыс көріп, қару ұстауды үйренсе, болашақта ұлттық мемлекет құрғанда әскер дайын болады деп түсінді.

Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН

Тығырық

(Басы 1-бетте)

Соңғы жылдары қазақ жастары Оңтүстік Кореяға барып жұмыс істеп, нәпақа табуды әдетке айналдырды. Бәрін қызықтыратын — жалақы. Кореяға кеткен қазақ жастары туралы айтылып, жазылып жатыр. Біз өз тарапымыздан теңіз түбегіндегі елге барып жұмыс істеп келген азаматтарды сөзге тарттық.

Гүлнұр Жүнісова — адам генетикасын зерттеп жүрген санаулы мамандардың бірі. Ол бірнеше жылдан бері медицинасы жақсы дамыған Америка, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерге барып, ғылыми жұмыспен айналысады. Жуырда ғана Сеулден келіпті. Біз Гүлнұрдан Оңтүстік Кореяда жүрген қазақ жастарының жайын сұрадық. «Кореяға қара жұмысқа барғандардың жағдайы өте нашар. Олар зауыт-фабрикаларда, 12 сағатқа дейін ең ауыр жұмысқа жегіледі. Жатын орындары, тамақтанатын жері де таза емес, жайсыз. Бірақ соның өзінде қиындыққа шыдап жүр», — дейді ол. Ал Гүлнұрдың өзі екі бөлегін талдырып ауыр жұмыс істемесе де, күнгейдегі корей еліндегі жұмысты өз көзімен көріп қайтқан.

Жас ғалым «Олар жұмысқа өте жауапкершілікпен қарайды. Мен бірінші рет Президент қорының грантын ұтып алып, адам генетикасы бойынша Сеулде бірнеше ай іс-тәжірибеден өттім. Екінші рет көрістер өздері шақырды. Сөйтіп, бір жылға жуық уақыт миллиондаған тұрғыны бар қаланың тыныс-тіршілігін көзімен көрген. Ғылым саласындағы

ЖАРНАМАСЫ ТАУДАЙ, АЯҒЫ ҚЫЛДАЙ



мамандардың өзі 8 сағаттан артық жұмыс істейді. Бір күнгі жұмысты аяғына жеткізбей, үйіңізге қайта алмайсыз», — деді. Гүлнұрдың айтуынша, көрістер біздің елден барған мамандардың жұмысқа деген жауапкершілігіне, табандылығы мен шыдамдылығына қызғады. Қазақ халқының мәдениетіне зор құрмет көрсетеді.

Сөз соңында ол Оңтүстік Кореяға жақсы жалақы үшін барып жұмыс істеуге болатынын, бірақ «қайда барсаң, қазанның құлағы төртеу» екенін ескертті. Өйткені, көп ақша үшін барған жерлеріміз денсаулығынан айырылып қайтатын көрінеді.

Жарас ШӨКЕ

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Жыл басынан бері Оңтүстік Кореяда төрт отандасымыз қаза тапты. Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияровтың айтуынша, марқұмдар ел аумағында заңсыз жүрген. Өткен жылы тағы да төрт жерлесіміз мерт болған еді. Олардың өлім себебі жарияланбай отыр. Белгісізі, марқұмдардың бәрі өңдіріс орындарында жұмыс істеген. Сондай-ақ жеті отандасымыз бұзақылық жасап, қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Түйткіл

Қапал өңірі бір кезде хандардың құтты мекені, кейін байлардың қонысы болды. Осы жердің табиғи, рухани, мәдени құндылығына қызыққан Ресей патшасы Қапалды уездік орталық етіп бекітеді. Сонымен, Қапал қаласының іргесі көтеріліп, жан-жақтан ағылған бай-манаптар өздерінің арман-мұратын жүзеге асыра бастады.

Бүгінде Қапал қаласының орны мен қоршап жатқан таулардың әр сілемі тарихтың сан түрлі құпиясын ішіне бүгіп жатыр. Осындай тарихы терең, табиғаты әсем өңір Швейцариядан артық болмаса, кем емес. Бұл өңірді туризмнің құт мекеніне айналдырса, қазақтың қасиетті жеріне ат басын бұрып, ағылып келіп жататын туристер де аз болмас еді. Қапалдықтардың қалтасы қалыңдап, табысы көбейетіні анық. Өкінішке қарай, олай болмай тұр.

Қапал ауылының тұрғыны Доскелді Қожатайұлы «Соңғы жылдары кір жуып, кіндік кескен жеріміздің атауы жайлы әртүрлі пікір айтылуда. Яғни Қапал атауы қайдан шыққан деген сөз жылдан-жылға өршіп барады. Әркім әртүрлі ұқсас сөздер баламасын айтып «вода капала», «Окоп копал» не болмаса «Қопалы» деген сөздерден шыққан десе, енді бірі — ұлы жүз Дулаттың Жанысынан шыққан Қапал деген батырдың есімімен байланыстырып жүр», — дейді.

Біз Қапал ауданының тарихы немесе осы атаудың қайдан шыққанын анықтағалы отырған жоқпыз. Қайта кезінде шартарапты тандай қақтырған мәдениеттің, сәулет өнерінің, архитектуралық жетістіктің көз алдымызда құрдымға кетіп бара жатқанына жанашырлық танытып, Қапалдағы әсем ғимараттардың бүгінге келгенде ескерусіз қалып, бүлініп жатқанын жұртқа жеткізу. Асыл қазыналарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жоғарыдағылардың назары ауып, елім деген ерлердің шапағаты тие ме деген жансепіл үмітпен қолға қалам алған жайымыз бар.

Қазақта «Әкеннің құны бар ма еді» деген ауыр да ескерту ретінде айтылатын тыйым сөз бар. Әрине, Қапалда әкемнің құны қалған жоқ. Бірақ кезінде Тәнеке батыр Кенесары ханның кегін қуып, садыр, матайдан қол жиып, қырғызға аттанарда Қытайдағы қабырғалы




Мұражайдағы қуысандық

Қызай елінің де ер-азаматтары шақырту алғаны анық. Олар мың жасауыл аттандырмаса да, төрт қызайдың елбасылары жүзге тарта қол жиып, Қапалға аттандырған. Солардың қатарында менің арғы атам Ұлтарак батыр да болған еді. Бала күнімде үлкендерден «Қызай қолы Демікпенің асуынан асып, Баласаздан өтіп Тәнекеге барып қосылыпты», — деп айтып отыратынын көп естідім.

Елге оралғалы біраз уақыт болса да, сол жерлерді шопып қайтудың орайы енді келді. Мақсатымыз — Қапал ауылындағы бір кездері Фатима Ғабитованың мұражайы болған тарихи ғимарат пен Баласаздағы көне қала орны және Жетісу Алатауының Қаратау және Баянжүрек тауларының арасын бөліп жатқан Күрәнбел

ойысындағы Бүйен өзенінің аңғарында орналасқан Шенбер тасты және Зәуре сайындағы қорымдар мен Баянжүрек тауының жартаc бетіндегі суреттерді хаттап қайту болатын. «Тон жағасыз, ел ағасыз болмайды» дегендей, Тамшыбұлаққа тәу етіп, осы ауылдың тізгінін ұстап отырған әкім Нұрбол Ерекеновпен кездеспей кетуге болмады. Мақсатымызды білген ауыл әкімі ескерусіз, қараусыз қалған біраз тарихи нысандарды көрсетіп үлгерді. Біз Қапалға сәл аялдап, Тамшыбұлаққа ғана тәу етіп аттанамыз деп едік. Енді ауылдан шыға алмай қалдық.



ҚАРАУСЫЗ, ҚАМҚОРСЫЗ ТАРИХИ ҒИМАРАТТАР

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің география және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, география ғылымдарының кандидаты Еркін Токпанов «Қапал ауылы ең алғаш уез орталығы болғанда жан-жақтан ағылған бай-манаптар, көпестер бірімен-бірі жарыса, сәулеті мен салтанаты жарасқан үйлер салып, ғимараттар тұрғызып, өлкенің келбетін асыра түсіпті.

Кезінде сол үйлерді Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында тамсана жазады. Қашқария сапарында Қапалдағы акын Сараның музейі орналасқан үйде бірнеше күн болып, осы өңірдің игі-жақсыларымен сұхбаттасып, алдағы сапарына дайындалғанын бүгінде біреу білсе біреу білмейді», — деп тарихтан сыр шертті.

Сол сапарында Шоқан Шыңғысұлы осы үйдің ауласына үш түп ағаш егіп кетеді. Сол ағаш бүгінде жапырақ жайып, мәуелеп өсіп тұр.

«Мұндай ағаш бұл маңға өспейді. Шоқан бабамыздың көзіндей көріп, аялап, көз қарашығымыздай қорғап, кешегі тарихтың тамырындай мәпелеп келеміз», — дейді ауыл әкімі. Бұдан сырт ауылда орыс шенеуніктері мен саяхатшыларының, ноғай саудагерлерінің, татар көпестерінің, қазақтың атқамінерлері мен бай-манаптарының тарихқа қалдырған естеліктерінен ескі қаланың жана келбетін оқып, бұл жерде осындай қала болмаған шығар деген күмәнді ойға бойлайтынын анық. Қалай болғанда да 1850 жылдары Жонғар Алатауының бойындағы копа қамысты жазықта сәулетті қала бой түзегені шындық.

Ауыл ақсақалы Уәлибек Мұратбеков «Сол тұста Қапалда көркемдігі жағынан бір-бірімен сәулеті жарасқан, іргесі ағаштан қаланып, түрлі өрнекпен безендірілген 494 ағаш үй болған екен. Кейін патша өкіметі құлағаннан кейін

кенестік билік оның біразын бұзып, Алматы қаласына, тағы бір бөлігін Семей, басқа да қалаларға тасып әкетеді. Алматыдағы Сүйінбай даңғылының бойындағы көне ағаш үйлер, міне, осы Қапалдан бұзып апарып, қайта тұрғызылған үйлер», — деді.

Бұзылмай қалған үйлер мектеп, амбулатория, тұрғын үй, кітапхана, диірмен, қойма, тағы да басқа мақсатта пайдаланылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қапал ауданы Ақсу ауданына қосылып, жұрт жапырыла қалаға көшкенде бұл үйлердің көбі қараусыз қалып, тоналып, бүгінге саусакпен санайтындайы ғана қалады. Қазір солардың қатарынан Жібек жолы көшесіндегі ноғай мешітінің ғимараты, Тәнеке батыр көшесіндегі құрылыс материалдарын Семейден



АИМАQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



5

тасып салдырған татар мешітінің ғимараты және Фатима Ғабитова атындағы мұражай ашылған үй, Бигелдиев көшесіндегі Шаяхмет байдың үйі ғана сақталып тұр. Олардың да қанқасы тұр демесен, қаусап тұрған түрін көріп, жаның ашиды.

Ауыл ішіндегі тағанынан басқа түгі қалмаған үйлердің орнын көріп, көңілің құлазиды. Тозығы жетіп ғимараты тұр демесен, 150 жылдан астам тарихы бар үйлердің қабырғасы құлап, едені тоналған, төбесі тесіліп, сұрқы қашқан. Бүлінгені соншалық бірі мал қораға айналса, енді бірін әлдекімдер әжетханаға етіп алыпты. Кезінде мәдениеттің ең озық үлгісі болған үйлер құл-қокыс төгетін орынға, босаған бөтелге, шағылған әніек, іске жарамайтын коқыр-қокыс заттарды тастай салатын жерге айналған. Бұл үйлердің біразын елжанды азаматтар кейінге дейін өз қаржысымен абаттандырып, жұрттың тарихи, мәдени байлығына айналдыру мақсатында пайдаланып келген. Бірақ үкіметтен немесе жергілікті

одан да мүшкіл. Оның шаңырағы ойылып, ортасына түскен. Үлкендер ұнатпаған адамын «Шаңырағың ортасына түссін», — деп қарғап жатушы еді. Бұл үйдің осындай халге түсетін жөні жоқ қой. Оны қойшы, «Рухани жаңғыру» аясында ала жаздай Тамшыбұлаққа келіп-кететіндер аттам жердегі бір ғасыр бойы Қапал өңірінің рухани орталығы болған осы үйге қадам баспақ түгіл, қарап та қоймайды. Қапалда осы күнге дейін жақсы сақталған екі-үш үй бар. Бірі —ноғай мешіті, енді бірі — татар мешіті, үшіншісі — клуб. Қапал кезінде екі бөлінген. Тамшыбұлақтың шығыс жағындағы суы бар, құнарлы алқапқа орыстар қоныстанып, қағыр, сусыз жерге қазақтар орналасқан. Үш мешіт қазақтар қоныстанған жерге салынған.

Қапал ауылының тұрғыны Доскелді Қожатайұлы «Қапалға 1954 жылы қала деген статус берілген соң жан-жақтан келген байлар мешіт сала бастайды. Олардың қалай салынғаны, кімдердің салғаны туралы архивте деректер жетерлік. Ең алғаш 1856 жылы татар көпестерінің біріккен қаражатымен татар мешітін тұрғызады. Кейін оны татар көпесі Шаяхмет бай Әпсаттаров меншігіне алып, қасынан «Яковия» татар қыздарының медресесі салынады. Өкінішке қарай, татар көпестері бұл мешітке қазақ, сарт, ноғайларды жолатпайды. Осыдан кейін ноғайлар 1860 жылдары Ғалиакпар қажы Сейфулмүлік — Сейітовтің бастауымен ноғай байлары жиналып, Петербургқа хат жазып, ауылдан мешіт салуға рұқсат сұрайды. Оған Петербурттағы ноғайлар көмектесіп жүріп, Ғалиакпар қажы тұрған үйдің орнынан мешіт тұрғызуға рұқсат алып, ноғай мешіті Ғалиакпар қажы Сейфулмүлік

— Сейітовтің қаржысымен бой көтереді. Осы мешіт салынып жатқан кезде Семейдегі елубасы, старшын болған Тыныбай қажы Қойкенов деген адам Маман Тұрысбектің ауылына қонаққа келген сапарында мешітті көруге

арнайы келеді де көмек ретінде бір бума қағаз ақша береді. Қазір осы деректі шатастырып жүргендер бар. Мешіт салынған соң оның бірінші имамы Ғалиакпар қажы Сейфулмүлік — Сейітовтің үлкен ұлы Макаметжан болады. Осыдан кейін сарт, тараншы, қазақтар бірігіп сарт мешітін тұрғызады. Мешіттің алдында су алатын құдық болған. Оны бұрынғылар «Абданның құдығы» деп атайтын.

Клуб қазір жеке кәсіпкердің қолына өтіп, ауылдың тойханасы болып қызмет етіп жатыр. Ағаш үйдің сырты сыланып, іші бұрынғыша сақталған. Татар мешіті таланып бітсе, ноғай мешіті бүтін сақталғанымен, тозып тұр. Сарт мешітін 1927 жылы қызылдар өртеп жіберген. Әрине, бұл үйлерді кімнің салдырғаны маңызды емес. Бастысы, Қапал өңірінің бір жарым ғасырдан бұрынғы мәдениеті мен руханиятынан сыр шертетін дүние.

Қапал қала болғаннан кейін салынған 494 үйдің өз тарихы бар, тіпті одан тарихи сабақтастықтың белгісін тауып алуға болады. Демек, мұндай жағдай кешегі Қапалда осыдан бір жарым ғасыр бұрын болғаны анық. Бұл да рухани жаңғырудың бір парасы деп сезінсек, артық болмайтын шығар. Алайда кеше мен бүгінді осылай сабақтастырып жатқан Қапалдағы тарихи үйлер құлап, шіріп, бұланып-таланып, ұрланып жоқ болудың аз-ақ алдында



тұр. Енді оларды мемлекет меншігіне алмаса немесе мемлекет жағынан қаржы бөліп, қайта қалпына келтірмесе бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мазасыз мүйіс



Ойдым-ойдым, жамау-жырттық



Жол азабын жүрген білер. Күнгей мен Арқаны жалғап жатқан тасқолдың тозығы жетіп, ақтандақтай ойылып-ойылып жатыр. Ойдым жол — Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарын Елордамен жалғайтын алып қантамыр. Бірақ осы күрежолдың 270 шақырымы елу жылдан бері мүлде жөндеу

көрмепті. Жолаушылардың жол азабынан мезі болғаны соншалық, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы тұсындағы 200 шақырымды 8 сағатта өрен енсереді. Жағдайдың қиындығына қарамастан, оңтүстік пен орталықты жалғап жатқан азапты жолдың тақтайдай тегіс жолға айналатынынан жұрт дәмелі.



Фото: ktk.kz

Терроризмге тойтарыс беру, зорлық-зомбылықпен және лаңкестікпен күресу мақсатында Қытай үкіметі заңдарында антитеррорлық процесті құқықтық реттеуді жеделдету қарастырылған. Соңғы кездері ҚХР Конституцияны, «ҚХР ұлттық аудандық автономиясы туралы заңды», «ҚХР заңдылық қызмет туралы заңды» қатаң сақтай отырып және аймақтардағы жағдайларды ескере келе, Шинжаңда «ҚХР-да терроризммен күрес туралы заңдарды орындау тәртібі», «Шинжаңдағы экстремизация ережесі» және басқа да жергілікті заң актілері бекітілді.

киындыққа тап болады. Бұл өз кезегінде өмір сүру мен еңбекке араласу мүмкіндігін қиындатады, соның салдарынан жұрттың әлсіз тобы террорлық және экстремистік әрекеттерге иланып қалады.

ҚКП-ның халыққа шексіз берілген шынайы идеяларды іске асыруды міндеттейтін Қытай үкіметінің тұжырымдамасында қоғамда халықтың орны ерекше екендігі атап өтіледі. Жаксы өмір сүруге ұмтылу — біздің басты құндылығымыз. Шинжаңдағы барлық ұлт өкілдері әлеуметтік тұрақтылықты, ұзақ мерзімді қауіпсіздікті, бақытты өмірді күтіп отыр. Жергілікті билік ҚКП Орталық комитетінің барлық стратегияларын іске асыру мақсатында бірқатар шараларды іске асырып жатыр. Оның ішінде мемлекетаралық шекараны қалағалауды күшейту, кәсіптік-техникалық білім және дайындық бағдарламасын жүргізу секілді шындыққа жанасатын мүмкіндіктер жасалуда. Осы шаралардың барлығы халықтардың байырғы мүдделерін — ұзақ мерзімді қауіпсіздікті, тұрақтылықты, кол

қылмыс төмендеді. Діни экстремизмнің таралуына жол бермеу мақсатындағы тиімді жұмыстар барысында қоғамдық қауіпсіздік едәуір жақсарды. Түрлі ұлт өкілдері өздерінің өмірі қауіпсіз екендігін жақсы сезіне бастады. Осы тәсілмен біз терең қордаланған мәселелерді шешуге және ұзақ мерзімді тұрақтылықты сақтауға жақсы негіз қаладық. Антитеррорлық күрестің тиімді болғаны сондай, нәтижесінде барлық сала қызметі дамып, экономикада тұрақты дамуы байқалады.

2017 жылы Шинжаңда ішкі өнім 7,6% өсті, қала мен елді мекен тұрғындарының жан басына шаққандағы табысы — 8,1% және 8,5% болды. Шинжаңға келетін қытай және шетелдік туристер саны 100 млн адамнан асты. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда — 32,4%. 2018 жылдың тоғыз айында 132 млн қытай және әлем елдерінен туристердің келуі 40% артты. Шинжаңды басқаруда барынша қолдау тұрғындарды күйзеліс дертінен арылтып, жалпы қытай халқының түпкілікті мүддесін қорғап, сонымен қатар бейбітшілікті, Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанда тұрақтылықты сақтауға үлес қосты.

Қытайдағыдай жағдайға тап болған көптеген елдер терроризм және экстремизммен күресте біздің елде қолданған шараларды түсінеді және қолдайды. Тіпті Қытайдың гүлденуін көре

ТҮПКІЛІКТІ МҮДДЕ — ҚАУІПСІЗДІК пен ТҰРАҚТЫЛЫҚ



Шинжаң үкіметінің төрағасы Шухрат Закир аймақта кәсіптік-техникалық білім бағдарламасы және мамандар әзірлеуге байланысты журналистердің сұрақтарына берген жауабында терроризммен күреске қатысты да пікір білдірді. Терроризм және экстремизм — адамзат өркениеті мен халықаралық қауымдастықтың ортақ жауы. Терроризм мен экстремизмге қарсы тұруды жеделдету жаһандық мәселе, сонымен қатар жалпы әлемдік деңгейдегі күрделі мәселе. Халықаралық қауымдастықтың антитеррористік тәжірибесін ескере отырып, Қытай БҰҰ-ның «Жаһандық контртеррористік стратегия» резолюциясына белсенді үн қатып, бар күш-жігерін терроризммен күрес және оның туындауына себеп болатын жағдайларға, мүмкіндіктерге тойтарыс беруге ерекше баса назар аударып отыр. Сонымен бірге Қытай кейбір елдердегі шынайы жағдайларды негізге ала отырып, терроризммен күресте бірге жұмыс істеуге мән береді. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу үшін белсенді қызмет атқаруда.

Шинжаңда қабылданған бірқатар шаралар терроризм және экстремизммен күресте барлық халықтардың жалпы бір мақсаттағы ұмтылысын, терроризммен күресте радикалды стратегия қажеттігін көрсетеді. XX ғасырдың 1990-жылдары Қытайдағы «үш күштің қатері» (*терроризм, экстремизм және сепаратизм*) және шетелдерде жоспарланған, ұйымдастырылған мыңдаған террорлық актілер, оның ішінде жарылыстар, адам өлтіру, улау, өрт қою, арандату, жаппай тәртіпсіздік ұйымдастыру оқиғалары бейкүнә жүздеген азаматтардың, тәртіп сақшылардың өмірін қиды, өлшеусіз зиян келтірді. Террористердің қорқынышты қылмыстары әлемде тұрақтылық пен тәртіпті қалыстыру мен прогресс тәртібін бұзып қана қоймай, Шинжаңда әлеуметтік-экономикалық дамуға, кедейлікті жоюға бағытталған мақсатты жұмыстарға, оның ішінде аумақтағы барлық ұлт өкілдерінің құқықтарын таптап, денсаулыққа, дүние мүлікке, дамуға кедергі келтірді. Барлық ұлт өкілдері террорлық қылмысқа наразы екендіктерін білдірді. Әсіресе Шинжаңдағы жағдай терроризм мен діни экстремизмнің ықпалын қатты сезінді. Жергілікті тұрғындардың бір бөлігі елдің ортақ тілін нашар меңгергендіктен, елдегі заңдармен толық таныс еместіктен құқы шектелді. Олар жұмыс іздеу барысында кәсіби дағдылары шектеулі болғандықтан, түрлі

жеткен нәтижелерді сақтауға мүмкіндік береді.

Терроризм немесе экстремизммен бетпе-бет келген және аздаған қылмысқа қатысы бар азаматтарға заң бойынша ешқандайда үкім шығарылмайды, керісінше жұмсақ үкім ретінде оқу орындарындағы кәсіптік-техникалық білімді тегін алуға мүмкіндік беріледі. Бұл елдегі жалпы қолданыстағы тілді меңгеруге, құқықтық білім мен кәсіби дағдылануға жол ашады. Осындай тәсіл арқылы Шинжаңда терроризм мен экстремизмнің туындауына тиімді қарсы тұра алады. Кәсіптік-техникалық білім берудің негізгі мазмұны — елде қолданылатын ортақ тілді оқыту, құқықтық білім мен бағдар алу, жұмысқа орналастыруды қамтиды. Мұндай орындардың қызметі заңдарды, құқықтық-нормативтік актілерді, оның ішінде Конституция мен діни істерге қатысты ережелерді қатаң білуге негізделген. Оқушылар асханаларда тегін тамақтанады, жатақханаларда радио нүктелері, теледидар, ауа салқындатқыш құралдар бар, ванна және душ бөлмелерімен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге ашық және жабық баскетбол, волейбол, үстел теннисі алаңдары, оқу залы, компьютер лабораториясы, кинозал және мәдени шаралар өткізуге арналған басқа да акт залдары баршылық. Тұрақты түрде мәдени шаралар, шешендік өнер, әдеби шығармашылық, ән-би байқаулары, спорттық жарыстар өтеді. Оқушылардың психикалық денсаулығына назар аударылып, өмірдегі түйткілді мәселелерін шешуге көмек көрсетіледі. Ата-аналар мен оқушылардың шағымдары да тыңдалады. Осының бәрі білім мекемесінде адамдарға көңіл бөлу мен қамқор болуға негізделген.

Кәсіптік-техникалық білім беру және дайындық барысында оқушылардың дені қателіктерін түсініп, терроризм мен экстремизмнің мақсаты мен зиянына анық көз жеткізеді. Болашаққа сенімі қалыптасады. Жоғарыда аталған білім ордаларының арқасында Шинжаңда қоғамдық орта да өзгерістер болды. Әлеуметтік жағдай күн сайын нығаюда, қазіргі заманғы ғылым мен технологияны меңгеруге ұмтылыс күшейді. Ұлтаралық қарым-қатынас жақсарды, терроризмге қарсы күресті қолдаушылар қатары артты.

Қазіргі уақытта Шинжаңдағы жалпы жағдай тұрақты. 21 айдан бері бірде-бір рет террорлық акті болмады. Оның ішінде қоғамдық қауіпсіздікке нұсқан келтіретін

алмайтын жекелеген ұйымдар мен адамдар да барын ұмытпағанымыз жөн. Жекелеген саяси мақсаттарын және пайдасын көздегендер Қытайдағы қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік қалыптасқан жағдайды бүлдіріп, елімізді ала қарға секілді көрсету үшін түрлі айла-әрекетті қолданады. Алайда мұндай әрекеттер қоғам тарапынан қолдау таппай, сәтсіздікке ұшырауда. Ұлттық тұрақтылықты қолдау, экономикалық даму жолына түсу, халықтың тұрмысын жақсарту кез келген мемлекеттің міндеті болып саналады.

Шинжаңды басқару мәселесінде Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті тапсырған міндеттерді тапжылмай қалағалап, әлеуметтік тұрақтылық пен ұзақ мерзімді қауіпсіздікті сақтауға үнемі күш салып келеміз. Бұл тұрғыда Шинжаң мәртебесін пайдалана отырып, аймақта «Бір жол, бір белдеу» құрылыс жұмыстарын жүргізу арқылы жетістіктерге жетуі, гүлденуді мақсат етіп отырмыз.

Қытай мен Қазақстан — ежелден ынтымағы жарасқан көршілер, қазіргі уақытта жан-жақты дамыған стратегиялық әріптес. Жібек жолы экономикалық белбеуі құрылысын салу бастамасы және оның жаңа саяси экономикалық «Нұрлы жолмен» түйісуі екі жақты қарым-қатынастың жаңа ғасырын ашты.

Сонғы жылдары екі ел халықтары тиімді байланыстың жемісін көруде. Қытай мен Қазақстан арасындағы достық пен қарым-қатынас жоғары деңгейге жетіп, ортақ дамуды қамтамасыз ететін өркендеу жолына түсті. Қытайдан Қазақстанға келген эмигранттар екі елдің де байлығы саналады. Олар дәстүрлі достықты жалғастыруда көптірге айналды. Екі елдің қузырлы орындары тығыз байланыс орната отырып, түйінді мәселелерді шешуге көңіл бөліп келеді.

Қытай мен Қазақстан — ортақ тауға, өзенге ие дос, келісім мен өздерінше даму жолы бар мемлекеттер. Бұл — дұрыс тандау. Осындай жолмен ғана өзара тиімді дамып, ауқымды жоспарларымызды жүзеге асырып, елімізді дамыту үшін стратегиялық тапсырмаларды қолға алып, екі ел халқына да пайда әкеле аламыз.

Бізге қытай-қазақ достығы мен әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге, әлемдегі көптеген елдерге үлгі көрсетуге негіз бен сенім жеткілікті.

Жаң Вэй,
*ҚХР-дың Алматыдағы
Бас консулы*

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

ШАРТАРАП

Әлемдегі ең үлкен әуежай



Түркияның Ыстамбұл қаласында әлемдегі ең үлкен әуежай ашылды. Салтанатты рәсімге түрлі елден келген 50-ден астам жоғары лауазымды тұлғалар қатысты.

Әуежай алғашқы уақытта 90 миллионға жуық жолаушыға қызмет көрсетеді. Ал 10 жылдан кейін жылына 200 миллион адамға дейін қабылдайды. Бұл көрсеткіш әлемдегі ең үлкен АҚШ-тың Атланта әуежайынан екі есе көп.

Turkish Airlines әуекомпаниясының ұшақтары ішкі үш бағыт бойынша — Анкара, Анталья және Измирге ұшуды бастады. Сонымен қатар, Баку мен Солтүстік Кипрге де рейс ашылады. Түріктің «Анадолу» агенттігі «Ыстамбұл әуежайы» аумағының жалпы ауданы 76,5 млн шаршыметр екендігін хабарлады.

Арыққа түсірудің ақыры...



Қазанның 27 күні әлеуметтік желілерде арық ортасында алты азаматтың тізесінен келетін су ішінде тұрған суреті таралды. Centralasian ovq. сайтының хабарлауынша, оқиға Ташкент облысының Аққорған ауданында болған. Азаматтардың үшеуі — аудандық әкімшіліктің қызметкері, біреуі — ауыл ақсакалы, ал қалған екеуі жергілікті шаруа екен.

Тұрғындардың айтуынша, сурет 25 қазан күні вице-премьер З. Мирзаев Аққорған ауданына іссапармен келгенде түсіріліпті. Оларды бидай егістігін суармағандары үшін осылай жазалаған көрінеді. Азаматтарды жазалау премьер-министр орынбасарының және жергілікті шенеуніктердің көз алдында болған. Қазанның 29-күні Әзбекстан президенті вице-премьер З. Мирзаевті өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін қызметінен қуды.

Ел президенті Шавкат Мирзияев жауапты басшылардың қызметін асыра пайдалануға болмайтынын және мәжбүрлеп еңбекке жол берілмейтінін көздейтін жарлыққа қол қойды.

Үндістан озып тұр



Үндістан смартфон өндірісі жағынан Қытайды басып озуы мүмкін. Бұл туралы 24kz сайты хабарлады. Әлемдік ірі компаниялардың пікірінше, елдегі ішкі нарық — кең, жұмыс күші — арзан. Ал Қытайда бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді.

Ел үкіметінің басшысы Нарендра Моді «Үндістанда жасалған» бағдарламасы аясында ондаған миллион жұмыс орнын ашуға уәде еткен еді. Қазір елде смартфон жасап шығаратын 120 компания бар. Бірақ жүздеген миллион үндістандықтың гаджеті жоқ. Бұл жайт өз кезегінде кәсіпкерлердің қызығушылығын тудырып отыр. Өндіріс бөлімінің басшысы Санджив Агарвал «Нарықта тұрақтап қалу үшін тұтынушыларға сапалы өнім ұсына білуіміз қажет. Бағасы да арзан болуы шарт. Осыған қол жеткізілгенде ғана нарықтағы ахуал жақсарарды», — дейді.

Татар тілінің тағдыры



Быыл Татарстанда мектеп бағдарламасындағы татар тілінің жағдайы дабыл қақтырды.

«ТНВ Планета» телеарнасы хабарлағандай, туған тілінің тағдырына алаңдаған жұрт Қазан федералды университетінде татар тілінен дикутант жазудан сынақ тапсырды. Әнші Эльмира Кәлимуллина оқыған дикутантқа әртүрлі жастағы 170-тен аса адам қатысты.

Exclusive

Қасиетті ислам дінін дұрыс түсінбей, ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстанған асыл дініміз бен салт-дәстүрімізді, тіпті отанын тәрк етіп, Сирияға кетуді мақсат етіп адасқан қарақөздердің бірі – Алмасбай. Оны Қыламыстық кодекстің 24-бабы 1-бөлігі және 172-бабының 1-бөлігімен Орал қалалық соты 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айырған болатын. Алмасбай биыл 20 сәуірде түрмеден шықты. Ашық күнде адасқан азамат туралы «Jas qazaq» газетінде «Мен жалған жиһадшының әйелімін» деген тақырыпта сериялы мақала жазылып, сонда көп жағдай айтылған-ды. Авторы – жұбайы Жарқынай.

Жарқынай мақалаларында күйеуінің адасуы, сол ортада жүріп, өзін және балаларын жат ағымнан сақтап қалу жолында басынан кешкен қиындық туралы әңгімелеген болатын. Алмасбай түрмеде отырғанда да тұрмыс тауқыметін қайыспай көтерген, рухы мықты Жарқынай бүгінде екінші өмірін бастады. Жеке кәсібін ашты. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» демекші, ол күйеуін көшірді! Жастай етегінен ұстаған қосағынан бас тарта алмады. Жақында олармен кездесіп, чай үстінде асықпай емен-жарқын сырласқан едік. Сонымен, әлқисса!

Олар «Ризықты Алла береді» деді. Артынша олар мені үгіттеу үшін торт алып, үйімізге келді. «Сен адасып, тура жолдан кетіп барасың» деп уағыз айтты. «Зікір салмасаң, жүрегің қарайып кетеді» деп қорқытты. Мен көнбедім. Сол кеткеннен кейін олар мені мүлдем ұмытты.

— Әрі қарай не болды?
— Қайтадан мешітке келдім. Бір жерде күзетші едім, бос күндері жалдамалы жұмыс істеу үшін мешітке танысқан жігіттерді жинап, бригада құрдым. Олар сақал қойып, балағын кескен жігіттер еді. Өзім сақал қойған жоқпын, балағым да ұзын. Имамдар «Намаз оқыған адамға сақал қоймауға да болады» деді. Жігіттерден «Неге бұлай ерекшеленесіңдер?» деп сұрадым. «Пайғамбардың айтқаны сол, орындамасаң, күнәһар боласың» деп дәлелдеді. «Мешіттегілер бидғат жасап жүр, яғни дінге жаналық қосып жатыр» деді. Дұрыс екен деп ойладым. Көзқарасым тағы да өзгерді. «Браттардың» айтуымен аудиотаспадан шейх



АЛМАСБАЙ:



ҮКІЛІ ҮМІТІ ЖЕТЕЛЕГЕН...

Алмасбайдың ағынан жарылып айтқан әңгімесі, міне, осындай. Сенесің. Жарына – Жарқынайына қараған жанорындағы махаббатты, ара-тұра еріксіз кіртііп, мұңдаңа қалатын көзі бір жақсылықтан үмітті. Болашаққа деген тұтанған сенімді көре тұра, қалай сенбейсің? Сенесің! Және шын көңіліңмен екеуіне жақсылық тілегің келеді.

«ҮЙІМДІ ҚАЙТАДАН ТҰРҒЫЗАМЫН»

Алмасбай бүгінде сол адасқан жылдары іргетасын қалап, саламай тастап кеткен үйін тұрғызуды қолға алыпты. «Бір қиындығы – отбасымыз тұрып жатқан уақытша үйді несиеге қою үшін банк кепілге алмайды. Пайда түсіретін кәсіп ашқымыз келеді» дейді. Қолы шебер, ісмер Жарқынай жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жалға бөлме алып, «Жарқынай» дизайн студиясын, тігін цехын ашыпты. «Алғашында түк ақшам болмады. Көйлек тігуден түскен 5-6 мың теңгенің 2 мың теңгесі күніне тамақ пен жол шығынына кетеді. Қалған 3 мың теңгені жинап, материал сатып аламын. Қолдағы барды ұқыпты пайдаланудың арқасында көтеріліп келеміз», – деді.

Оралда өткен «Ақжылық – шеберлер қаласы» атты қолданбалы өнер жәрмеңкесіне, қала күніне арналған көрмелерге, Ресейдің Самара облысында өткен фестивальге қолөнер бұйымдарымен қатысқан Жарқынай Орал қаласы әкімінің алғыс хатына бірнеше рет ие болды. Жақында Жарқынайға ел танытын бір кісі өндірістік жүрдек тігін машинасын алуға қаржы беріпті.

Бір жылдары діни адасушылықтың салдарынан шайқалған шаңырақ бүгінде уығын қайта тіктеп, бауын байлап, еңсесін көтерді. Ол шаңырақтың астында екі қыз, бір ұл әке-шешесімен бірге қайтадан қамсыз, бақытты өмір сүре бастады.

— Таратып айтсаңыз...

— Ол жакка кетіп бара жатқанда екі рәкат намаз оқып, «Осы жолым дұрыс па?» деп Алладан сұрамау керек» деді жігіттер. «Егер намаз оқып сұрасаң, Алла үшін соғысуға бара жатқанына күмәнданғаның» деді. Бірақ мен Сирияға кетем дегеннен бастап өзімді біртүрлі сезініп жүрдім. Жүрегім тыныштық таппады. Бір күмән болды бойымда. «Халифат жарияланғанына неге мұсылмандар қуанбайды?» деген ой мазалады мені. Қырғызстанда жүргенде сол оқыма деген екі рәкат намазды оқып «Сирияға бара жатқаным менің дініме, иманыма сай ма, жәннәтқа кіруіме әсері бар ма? Егер бұл сапарым дұрыс болса, мені Сирияға жеткіз. Егер қайшы болса, маған

Алмасбай қалай аласты?

— «Мұсылман баласына намаз оқу керек және намазсыз дүниеден өтуге болмайды» деп естідім. Сол күннен бастап ізденіс жолына түстім. Мешітке барып, бас имамға жолықтым. Ол кезде мешітке түрік ұстаз болды. Оған «Маған намаз үйретіңіз» дедім. Сөйтіп, 2000 жылы намаз оқи бастадым. 2001 жылға дейін жұма намазын қаза қылмай жүрдім, – деп әңгімесін бастады.

Алмасбайдың өмірі Ақсай қаласындағы шетелдік компанияға жұмысқа тұрған күннен бастап өзгеріпті. Оны жаңа жұмысындағы бір жігіт өзі жалдап тұрған пәтеріне бірге тұруға шақырады. Ол жігіт Исмадулланың жамағатындағы зікірші болып шығыпты. 2004 жылға дейін солардың қатарында болған. Бірақ олардың істеген ісіне көңілі толмаған көрінеді.

— Көңіліңіз неге толмады сонда?
— Мешітке жібермейді. «Мешіттегілер – адасқандар, олар өтірік айтады» деді. Артынан ойласам, «Имамдар ақиқатты айтып қояды, сырымыз ашылып қалады» деп, мешітке жолатпаған екен бізді.

«Ата-бабаның, Абайдың, Шәкәрімнің жолын ұстанамыз дейді де, өздерінің түпкі мақсатын білдіртпей бойына сіңіре береді.

— Мысалы, қазақтың табиғатына жатпайтын қандай өрескелдік байқалды?

— Оларда «уазила» ұстанымдары деген бар. Таспих санап отырып, ішінен зікір айтып отырасын. «Қатайған жүрегіңді жібітіп, тазартады, иманың күшейеді, күнәдан тазарасың. Сөйтіп, әулиелік дәрежеге көтерілесің» дейді. Олар үшін намаз маңызды емес. Намаз оқымай жүре беруге де болады және жұма намазына мешітке бармайды. Бастысы — зікір мен уазила.

Маған ұнамағаны — ерлер әйелдермен бірге отырады, бірге жүреді. Мысалы, табиғатқа демалуға әйелдерді алып шығады. Әйелдерге торт сыйлайды, назар аударды, айналып келгенде, көзқарасы зинаға апаралды.



Оралда Исмадулланың бір түлегі болды. «Ұстаз» деді ол кісіні. Студент жігіттер сол ұстазға қыздарды үгіттеп, ілестіріп әкелетін. Ал ұстаз келген қызға «Сен ана жакқа әйелдерге бар, дінді апаларың айтып, түсіндіреді» демейді. Өзі алып қалып сөйлеседі және бәрімізді шығарып жіберіп, онаша қалады. Оның қызға не айтатынын біз білмейміз. Бұл маған үлкен күмән тулдырды. Әйел адамға дінді әйел үйретуі керек. Ер адам үйрете ме, онда қызды онашаламай, бәрінің көзіңше үйретуге тиіс.

— Дағуатқа шықтыңыз ба?

— Дағуатқа бізді бірден 40 күнге жіберді. Алматыдан кетерде «уазила» берді. Ұстаз алақанын жаяды да «Алақанымын үстіне қолыңды қой» дейді. Бәріміз қолымызды қоямыз. Ең үстіне ол өзінің қолын қойып, жабады. Аузын жыбырлап дұға оқиды да, үшкіріп жібереді. «Болды! Осыған дейінгі күнәларын кешірілді» дейді. Бітті! Оралға үлкен күмәнмен оралдым. Оның үстіне, жұбайым Жарқынай мешітке барып, теологтарға жолығып, бұл жолдың қате екенін айтып, маған «Қайт, бұл жолдан!» деп жалынды, көз жасын төгіп жүрген еді. Сөйтіп, зікірге бармай қалдым. «Отбасымды асыраймын, жұмыс істеймін» дедім.

зияны болса, жолымнан кері қайтар» деп сұрадым. Сөйтіп, Қырғызстаннан шыға алмай, ұсталдым. Сонда бұл жолдың дұрыс емес екенін ұқтым. Алла менің кателескенімді көрсетті. Бірақ менің бұлай деп айтқанымға тергеушілер де, түрмеде де ешкім сенбеді. Ақиқаты, сол екі рәкат намаз менің көзімнің ерте ашылуына себеп болды.

— Түрмеде Сириядан оралған жігіттерді кездестірдіңіз бе? Өзіңіз жете алмай қалдыңыз, ол жақта қалай екен, сұрадыңыз ба?

— Мен Петропавлдың түрмесінде болдым. Онда Сириядан оралып, сотталған жігіттер болды. Олар Сирияға жеткен күннен бастап қазақтарды бөліп тастайтынын айтты. Әйел-баласын көрмейді. ДАИШ-тын жендеттері өздері соғыспайды. Жан-жақтан халифат деп алданып барған еркектерді соғысқа салып, «Өлсін, кері келмесін»

дейтін көрінеді. Жесір қалған әйелдерді өздері пайдаланады екен... Отбасын апару — мүлде қате. Бір өкініштісі, қазақтың әйелдері мен балалары елге қайта алмай, сол жақта қор болып жүр. Әкесінің діни білімсіздігінен күнәсіз балалар зардап шегіп жатыр. Сирияға бару дұрыс емес,

тек соны қазақтарға қалай түсіндіру керек, бұл енді үлкен мәселе.

— Алмасбай, сіз бұрынғы жолыңыздан анық қайтыңыз ба?

— Әрине, қайттым. Ендігі мақсатым

— Әбу Ханифаның жолын ұстанып, тыныш өмір сүру. Әлемдегі дін ғұламаларының соғысқа қарсы екенін біз дін мамандарының арқасында түрмеде отырғанда ғана білдік.

Пайғамбарымыздың «Ғұламалар — менің мирасқорларым» деген хадисі бар екен. Кімде-кім оқымыстыға бағынбаса немесе оған тіл тигізсе, тозаққа түссін деген мағынаны түсіндік. Яғни дінде оқымыстысыз алдасың. Қазақтың жігіттері «Мұсылмандарды өтірік халифат жариялап, шақырып алып, сол жерде қырамыз» деген сыртқы жаулардың жасырын мақсатының құрбаны болып жатыр. Сирияда ешқандай халифат та жоқ, тіпті ислам да жоқ екенін түсіндім. Біздің білімісіз, қара қазақтар «Ойбай, ол жақта ислам мемлекеті бар» деп, әйел-баласын шұбыртып кетті. Өздері өлді, қатын- баласы қайда қалды, кім ие болды қазағымның ұл-қызына? Міне, нағыз трагедия осы. Әйелі әркімнің төсегінде, баласы құл сияқты әркімге жалтақтап жүр.

— Отбасыңызбен қайта қауыштыңыз ба?

— Отбасыммен қайта табыссам деген ниетім бар. Балаларымды дұрыс жолға салғым келеді. Менің қателігім оларға сабақ болса, өмірде адаспай, өз орнын тапса деймін. Қолымызда екі қыз, бір ұлым бар. Қайта қосылайық деп әйеліме сөз салдым. Мешіттен араласып, отбасылық кәсіп ашсақ деген ойымыз бар.

— Үлкен қызыңыз бен күйеу баланыз да дін жолында емес пе?

— Күйеу бала дұрыс отбасы болғысы келеді. Ауылынан үй алды, мал, құс өсіргісі келеді.

Балалар үшін деп тырысып жатыр. Бөтен ойы бар адам шаруаны ойламайды ғой. Мысалы, мен Сирияға кетерде үй, бала-шаға, әйел дегенді ойлаған жоқпын. Дүниеге «талак» деп айттым, үй, көлік, қымбат телефон, дүние-мүлік, киім — бәріне «талак» бересің. Ештеңе қызық болмай қалады. Намаз оқымаған адаммен бірге тұрмау керек деп ойладық. Бәрің кәпірге шығара бердік. Енді көзіміз ашылып, адасқанымызды түсініп, отбасыммен қайтып қосылуға дұға қылып жатырмын. Мені және мен сияқты адасқан талай адамның діни сауатын ашып, қоғамға, отбасымызға, әке-шешемізге қайта оралтқан теологтарға, имамдарға, құқық қорғау құрылымындағы қызметкерлерге алғысым шексіз!

Ұлай САРИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

БӨРЕКЕАДІ: Елімізде іске асырылып жатқан «Туған жер» бағдарламасын қолдауды ақтөбелік азамат Ербол Байжарқынов осыдан 15 жыл бұрын бастап кеткен. Ардақты әкесі Мақсат қария мен аяулы анасы Мәнзапаның «Туған жерге тағзым етуді ұмытпа, әркез өзгелерге қамқор бол, балам» деген ақылын өркез естен шығармайтын іскер жігіттің Ақтөбе қаласына сіңірген еңбегі шексіз. Тіпті оның қолынан шыққан өсем ғимаратта Елбасы да қонақта болып, кезінде жылы пікірін білдірген.

Кәсіпкер көрікті көшелерде ғажап ғимараттар салды, қарттар мен көпбалалы отбасыларына жәрдем берді, балалар үйлерін қамқорлыққа алды, жетімдерді жұмысқа орналастырып, тіпті отау құруына да септігін тигізді, баспана да салып берді. Студенттер үшін тәулігіне үш мезгіл тегін тамақ ішетін асхана да ашып қойған, өзі салған мешітке түскен қаражатты тек қайырымдылық шараларына жұмсауға дағдыланған. Оның үстіне мал шаруашылығымен айналысып, елімізде алғаш рет күн сәулесінен куат



Арғымақ мінген азамат

алатын киіз үй салды, өрістегі малды бақылайтын арнайы құрылғылар орнатты.

Осы секілді қауырт тірліктен Ерболдың қолы босамайды. Сонда да уақыт табыла қалса, қаны таза жылқыларын баптап, оларды жарысқа қосуды жаны қалап тұрады. Өз елімізді былай қойғанда, әлемнің бірнеше мемлекетінде асыл тұқымды жылқы ұстайды. Қажет кезде жарысқа қосады, бағын сынайды.

Ербол үшін биылғы жыл ерекше есте қалды. Ол Прагада өткен дербиде бас жүлдені қанжығасына байлады. Жер шарының бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанның атынан бәйгеге қосылған жүйрік туралы жарыса жазды.

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:

Жылқының жанары тас қараңғыда өте жақсы көреді.

Қазақтар жылқыны ешқашан ұрып-соқпаған. «Киесі атады» деп санаған.

Жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпеген.

Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды.

Сүрінген атты ұру – күнө.

Ербол Байжарқынов Польша, Чехия, Францияда бірнеше бәйге атын ұстап, олардың барлық күтімін өзі қолына алған. Бапкерлер мен шабандоздар сәйгүліктерге үнемі күтім жасап, әрдайым дайындық үстінде жүреді. — Еуропа үздіктері ғана іріктелетін дербиге кез келген атты қоспайды. Ол үшін бірнеше сатыдан өтіп, бәйгеде жеңіп, өз-өзінді дәлелдегенде

ғана жол ашылады. Сондай мүмкіндік Қазақстанға беріліп, Прагада топ жардық. Қатар-қатар тұрған сәйгүліктердің бәрі бір-бірінен өткен мықты еді. Сонда да чемпиондарды артқа қалдырып, біз бәйгеге қосқан жүйрік бірінші келді. Сөйтіп, Қазақстанның жылқысы алғаш рет шетелде дерби иеленді, — дейді Ербол Байжарқынов.

Жылқыны жақсы көретін жігіт ағасының Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларында ат баптайтын, күтімін жасайтын базасы, бапкерлері мен шабандоздары бар. Мұндай қызығушылықтың бойында қалай оянғанын ол былайша түсіндіреді: — Ақтөбенің Ембі ауылында жылқы зауыты бар еді (*кейін зауытты Орынборға көшірді*). Сол жерде тұқымдық, міністік, спорттық және жегіс аттар арнайы өсірілді. Алайда жылқылардың тұқымын елімізде сақтап қалуға мүмкіндік болмаған сияқты. Сондықтан бала күнгі көргенімді, ел арасындағы мол байлықты қайта түлетіп, қазақтың мінезіне сай жылқы шаруашылығын жандандырып жүрмін.

Менің бар өмірім атпен байланысты деп айтуға болады. Достарым мен жакындарым жеке қызығушылығымды

мүмкіндігінше ықпал етіп отыр.

— Әкем де жылқыны жақсы көретін қария. Қасиетті жануардың киелілігін үнемі айтып отырады. Жылқы туралы кітаптар жинап, сәйгүліктер туралы жырларды сүйсіне оқып, әндерді еліте тындайды.

Жылқының шыққан жері — біздің ел деген дерек бар. Қиын күндерде де ұлтымыздың рухын көтеріп, жеңістерге жетеледі. Бейбіт күнде баршамызды әлемге танытуға мұрындық болып келеді. Осының барлығы қазақ халқы үшін баға жетпес құндылық. Демек, жылқы деген жануарды сақтап, қадірлеп, ұрпаққа насихаттау керек, — дейді әңгіме арасында жігіт ағасы.

Жүйрік мінген жігіттің бүгінгі әр ісі жастарға үлгі боларлық. Ербол секілді ерлер көбейген сайын еліміз де ерекше өркендеу жолына түседі.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

АСЫА ҚАЗЫНА

«Асыл қазына» айдары қазақтың ұмытылуға айналған ұлттық жәдігерлерді жаңғыртады. Бүгін белгілі этнограф Тәттігүл Қартаева көзінің қарашығындай сақтап жүрген, бір ғасырдан астам тарихы бар бала білезікті таныстырады.

Бала білезік



Қыз балаға арнап оның қолына арнайы білезік соқтырған. Бала білезік еліміздегі музейлерде жиі кездеседі. Сәби 3-4 жасқа келгенде қолына білезік тағады. Оның мәні мынада: қазақ халқы баланы көз тиюден қорғасын деп ырымдаған. Екінші жағынан білезік эстетикалық тәрбие берді. Яғни бой түзеп, әдемілікке үйір болып өседі.

Бала білезік халқымыздың жанына жақын зергерлік өнердің бір парасы болып табылады.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — *арнаулы тілші*
Әбдіманап КЕНЕС — *жастар және ғылым*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — *терімші*
Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — *web-sait*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2136;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.



НАҒЫДАРАҢ

Жапон императоры Акихитоның немере қарындасы Аяко ханшайым мен Кэй Морита неке құю рәсімін Токионың Мэйдзи храмында ұйымдастырып, оған 30 шақты қонақ қатысты.

Салтанатты рәсім аяқталған соң Аяко ханшайым жапон азаматтарына, өзінің қуанышымен бөліскен жұртқа алғыс айтты. Екі жастың отау құратындығы 2 шілдеде белгілі болған көрінеді. Алайда Аяко мен Кэй



аттады

Моританы атастыру шарасы 12 тамызда өткен. Жапония императорының немере ағасы Такамадо отбасынан шыққан Аяконың жасы 28-де. Күйеуі ең ірі NYK Line компаниясының иесі. 32 жастағы жігіт болашақ жарымен желтоқсан айында танысқан. Бір қызығы, Жапония заңы бойынша ханшайым императорлық үйдің мүшелігінен шығады. Сөйтіп, әлемдегі ең ежелгі династия мүшелері бір адамға азайды.

«КТК» АҚ Бас директорының орынбасары, белгілі тележурналист Дәурен Меркеевке әкесі

Сұлтан НАРТАЙҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Әріптестері, достары